

**Халықаралық өнім беру шеңберінде Өзбекстан Республикасына бидайды және оны өңдеуден алынған өнімдерді тиіп-жөнелтуді қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 29 мамырдағы N 98

Халықаралық өнім беру шеңберінде Өзбекстан Республикасына бидайды және оны өңдеуден алынған өнімдерді тиіп-жөнелтуді қамтамасыз ету мақсатын "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына:

1. 1998 жылдың тамыз-желтоқсанында тиіп-жөнелту үшін мынадай көлемде мемлекеттік ресурс бидайын броньдау тапсырылсын:  
үшінші сыныпты жұмсақ бидай - 300 мың тонна;  
сыныпты қатты бидай - 50 мың тонна.

2. "Узхлебпродукт" мемлекеттік акционерлік корпорациясымен (Өзбекстан Республикасы) мемлекеттік ресурс бидайын Өзбекстан Республикасына берудің шарттары мәселелері бойынша келіссөздер жүргізілсін.

П р е м ь е р - М и н и с т р